

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет



«Егеменді елдің еңсерген 30 жылы» тақырыбындағы мерекелік сазда бағдарлама.

- Мақсаты:
- Өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.
 - Табиғи дарынды балаларды сахна төріне шығару.
 - Ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді насихаттау
 - Жаңаша дүниетанымдылық көз қараспен жұмыс жүргізу.
 - Дарынды да, талант иегерлерін таңдау.
 - Жасөспірімдердің туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру.

1-жүргізуші:

Сенде есейіп, сенде артады ұғымым,
Сенде өтікізген саналығым – ұлы күн.
Отан деген не десе егер, сен дер ем,
Кие конған туған, жерім тұнығым.

2-жүргізуші:

Туған жерім, тарихым, тұнық далам,
Барша жұрт қасиетінді ұлықтаған.
Баска жердің, бөктері мен таулары,
Дәл сенің самалыңдай жылытпаған.

1-жүргізуші:

Қазақстан – атамекен, құт конған жер,
Кең дала суы мөлдір, нұр тұнған жер.
Көкарай белестері макпал кілем
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

2- жүргізуші:

Армысыздар, қонақтар мен ұстаздар және оқушылар!

1- жүргізуші: **Қазақстан Республикаының Мемлекеттік Әнұраны орындалсын.**

Домбырам жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұра сен болмасаң
Өнердің не екенін білмес едім.

2- жүргізуші:

Домбырам мұнша шешен болдың неге?
Күй толған көкірегің шежіреге
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің
Саусағың тиіп кетсе ішегіне

1- жүргізуші:

«Үкілі домбыра» ансамблі. Халық күйі **«Тепеңкөк»**

2- жүргізуші:

Өз елім менің,
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін.
Елім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім.

1-жүргізуші:

Өз Отанының, өз елінің патриоты болғанға не жетсін! Сайын дала-атажұрт бабаларымыздың көздің қарашығындай сақтап, найзаның ұшы, білектің күшімен қорғағанының арқасында бізге жетіп отыр. Ендеше осындай алып Отанды сүйіп өту кімге де болсын парыз әрі қасиетті міндет.

Құттықтау сөз кезегі мектеп директоры Нұрымбет Жалғас Жүнісұлына беріледі.

2- жүргізуші: Ән **«Желтоқсан желі»**. Орындайтындар
Тәжібай Фатима, Орал Бағдаулет

1- жүргізуші:

Туған жерім-гүл көктем тұнып жатқан,
Байтақ елім, бақытым, ашық аспан.
Дария дәурен жанымды жырға бөлеп,
Анамыздай аялап, нұрын шашқан.

2-жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің.
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің.

1-жүргізуші:

Ортада көркемсөз ұжымы.

2- жүргізуші:

Өнеріміз өрде тұрса байқарсыз,
Таңданыстан басыңызды шайқарсыз,
Мың бұралып, шыр айнала билесек
Өмір бойы мақтанышпен айтарсыз.

1- жүргізуші:

Өнерпаздар жарысты сан-салалы,
Жиын десе, той десе ән салады,
Бүгінгі қонақтардың құрметіне
Салтанатты әсем би жолданады-дей келіп биден шашу шашамыз.

2- жүргізуші:

Ортада **«Балдаурен»** би тобы. Қол соғып, қошеметтеп отырайық.

1- жүргізуші:

«Рухани жаңғыру» жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың
ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы.

2- жүргізуші:

«Рухани жаңғыру» - деген сөздің астарында Мәңгілік елдің әлем
елдерімен терезесі тең катынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып
орын алатын Тәуелсіз мемлекет

1- жүргізуші:

Ауасы жұпар, құұмы ем, суы шәрбат.
Көк теңізі ауцдарар көңілді арбап.
Жансая табиғаты бақ дарыған,
Сол бақыттың ұшқыны ғой, мендегі бак.

Өн бойыма сіңірдім қасиеттін.
Көркемдікке табындым көз иесін.
Ұлылықтың ұққанға рухын себер,
Сырдың құйдым жаныма өсиетін
Қарсы алыңыздар **«Кел досым Шардараға!!!»**
ортада 11 сынып оқушылары

2- жүргізуші:

Тыныштық баршамыздың ұранымыз.
Мәңгілік таусылмайтын жыр – әніміз.
Арманның асқарына қанат қаққан,
Бақытты байтақ елдің ұланымыз – деген ұранды ұстанған талантты
да өнерлі ұл – қыздарымызды ортаға шақырамыз. **«Би
топтамасы»**

1- жүргізуші:

Самғасын бейбіт құсы көгімізде,
Жат елдік тиіспесін жерімізге.
Туымыз желбіресін мәңгілікке,
Ер есімі сақталсын елімізде .

2- жүргізуші:

Мына өмірдің арнасымен ағамыз,
Өнерліміз, әркез жолды табамыз.
Сіздерменен бүгін біздер коштасып,
Биіктерге самғап қанат қағамыз.
Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық.
Сахнада өнер көрсететін осы мәңгілік елдің айбарлы ұлдар мен
ибалы қыздары **«Қазақтың шын есімі- Тәуелсіздік»** әнімен .

1-жүргізуші: Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!!!.

2-жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ұстаздар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай марапаттау
рәсімін бастаймыз.

1-2-жүргізуші:

Сау болыңыздар!!!